

**№4-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

27 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. № 3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (МДҰ меңгерушісі).
2. 2023-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін – өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау (жауапты өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы А.Б.Султанова)
3. 2025 / 2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2025-2026 оқу жылындағы жұмысты талдау (МДҰ меңгерушісі).
4. Балалардың даму мониторингін талдау (әдіскер).
- 5.Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмысы туралы есебі (топтардың тәрбиешілері).

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті.Педагогтер басшылық алынған жоспар мен жұмыс істеуде.

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық

Жауапты: балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова.

Екінші мәселе бойынша А.Б.Султанова -өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы,меңгерушісі: Өзін – өзі бағалау комиссиясы тәрбиелеу мен оқыту әрекетін ұйымдастыру бойынша 2023-2026 оқу жылының мынадай деректі құжаттарын қарады:

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесі төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылған:

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова сөз сөйледі. Баяндама барысында меңгеруші балабақшаның өткен оқу жылындағы жұмысының нәтижелері туралы есепті, сондай-ақ МДТБ МЖМС шеңберінде орындалған міндеттер мен жеткен жетістіктерді талдауды ұсынды. Талқылаудың негізгі аспектілеріне білім беру қызметі, балалардың даму нәтижелері, ата-аналармен өзара әрекеттесу және балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту кірді. Оқу жылына қойылған барлық негізгі міндеттер орындалды. Педагогтер білім беру процесінде заманауи әдістер мен технологияларды белсенді қолданды, бұл балалардың білім деңгейі мен дағдыларын арттыруға ықпал етті.

Шешім: 2.

1. Балабақша ұжымының 2025-2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, тәрбие-білім беру қызметі мен балалардың дамуындағы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген жоғары нәтижелер атап өтілсін.

2. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарында мынадай бағыттарға назар аудару керек:

- дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жаңарту бойынша жұмысты жалғастыру;
- балалардың танымдық және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған жаңа білім беру технологияларын енгізу;
- тұрақты кездесулер, бірлескен жобалар мен іс-шаралар өткізу арқылы ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту;

Жауапты: балабақшаның меңгерушісі, әдіскері.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері У.М.Гумарова сөз сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерудің қорытынды мониторингінің нәтижелеріне тоқталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негізгі бағыттары бойынша балалардың даму деңгейін бағалау, жеке жетістіктердің динамикасын, сондай-ақ білім беру процесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау. Топтардағы балалардың жалпы даму деңгейі жас нормаларына сәйкес келеді. Балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы толық көлемде жүзеге асырылады, бұл олардың дамуына жағымды әсер етеді.

Негізгі басым жақтары:

- балалардың тұрақты әлеуметтік-коммуникативтік дамуы, ұжымда өзара әрекеттестікке дайындығы;
- ересек топтағы балалардың сөйлеуінің дамуы мен танымдық белсенділігінің жоғары деңгейдегі нәтижелері;
- балалардың шығармашылық ҮІӨ қызығушылығының жоғары болуы және көркем-эстетикалық іс-шараларға белсенді қатысуы.

Қосымша назар аударуды қажет ететін проблемалық аймақтар:

- кіші топтарда ұсақ моториканы дамыту және қозғалыстарды үйлестіру жөніндегі жұмысты күшейту қажеттілігі;

